

Бекітемін
«Балдәурен» бөбекжай-балабақша
менгерушісі Жанибекова Г
« » « » 2024 жыл



«Балапан» кіші жас тобы

«Ата-баба салтымен»

Тәрбиеші: Н. Мусаева

Бидаулетова П

2023 – 2024 оқу жылы

Тақырыбы: «Ата –баба салтымен»

Мақсаты: Ата –бабамыздан ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан ұлттық тәрбие туралы түсінік беру.

Балаларды ұлттық салт –дәстүр,әдеп – ғұрпын үйренуге және сыйлап құрметтеуге шақыру және ұлтына жанашыр ұрпақ тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Қазақтың киіз үйі, жабдықтарымен, Қазақстан бұрышы.

Тәрбиеші: Құрметті қонақтар, әріптестер,балалар!

Ассалаумағалейкум,халқым менің,
Ардақтап дәстүріңді салтыңды елім.
Мереке басы болсын берекенің,
Игі еңбектің жемісін бәрің жегін.

«Халық –қалың орман, әрі пана,әрі қорған».Әр ұлттың өзіндік ерекшелігі салт –дәстүрі,діні, тілі болатыны белгілі.

Біздің тәрбиемізде ананың ақ сүтінен, ана әлдиінен, атаның қасиетті сөздерінен бастау алады.Құрсақ шашу, жарыс қазан, шілдехана,бесік той,баланы қырқынан шығару, тұсау кесер,сүндет той, атқа мінгізу тойы,тоқым қағар.

Бала дүниеге келмес бұрын анасының құрсағында жатқан күннің өзінде –ақ,құрсақ шашу тойын жасаса, дүниеге келерде

жарыс қазан тойын жасайды, қазақ халқының осындай салт – дәстүрінен ана мен балаға деген мейірім шапағатын байқаймыз.Ал

бала дүниеге келгенде ата –бабамыз ат шаптырып, той жасап, салты мен дәстүрін,әдеп – ғұрып үлгілерін өнеге етіп болашақ

ұрпағына үйреткен. «Ата –баба дәстүрі ұрпаққа үлгі»

атты ашық тәрбие тағылымымыздың мәні ана сүтімен даритын салт – дәстүр жайлы болмақ..

Қане салт – дәстүр жайлы не білесіңдер?

Зере: Ата салтым, асыл мұрам ардағым,

Бабалардың жалғастыратар арманын.

Сан ғасырда қалпын бұзбас қадірін,

Өткенімді бүгінменен жалғадым.

Ханшайым:Біздер бұрын көрмеген,

Салт-дәстүрін білмеген.

Үйренеміз дәріптеп,

Заманымда өрлеген.

Шұғыла: Тәй-тәй басып жүретін,
Қуаныш қылып күлетін.
Жүйрік болсын балаңыз,
Мыңнан озып жүретін.

Көрініс: «Әжесі мен немерелері»
(Әжесі ән айтып отырады)

Немересі: Әже,әже, не істеп отырсыз?

Әжесі: Е, балам ән айтып отырмын.

Немересі: Әжетай «Тұсау кесу» деген қандай ырым?

Әжесі: Е,балам, Абай аталарың айтқан екен: «Туғанда дүние есігін ашады өлең, өлеңменен жер қойнына кірер денең» -деп айтқандай сәби шыр етіп дүниеге келгеннен «Бесік той», «Қырқынан шығару»,« Шілдехана», «Тұсаукесер» деген сияқты ырымдар жасалып, адамның өмірі той – думаннан басталады.

Немересі : Әже баланың тұсауын немен кеседі?Сол туралы айтып беріңізші.

Диас : Әже, әже мен айтайыншы.

Әжесі: Айта ғой балам.

Диас: Баланың тұсауын малдың тоқ ішегімен кесу елдің тоқ болуына байланысты.

Нұриман: Ала жіппен тұсау кесу баланың келешекте ешкімнің ала жібін аттамай, адал болып өссін деген ниеттен туған.

Аягөз: Сәбидің тұсауы көк шөппен кесілсе, көк шөптей өсіп өнсін деген ұғымды білдіреді. Тұсауын кесетін сәби ортаға әкелініп, «Тұсау кесу» жыры айтылады.

Рамазан: Әже, тұсау кесу жырын айтып берші.
(Әжесі тұсау кесу жырын айтады)

Әже: Қаз –қаз, балам,қаз балам,
Қадам бассаң мәз болам
Күрмеуінді шешейін,

Тұсауынды кесейін.
Қаз –қаз, балам,қаз балам,
Тақымынды жаз балам.
Қадамыңа қарайық,
Басқаныңды санайық.
Қаз баса ғой қарағым,
Құтты болсын қадамың!

Көрші ауылдан тағы да әжелер қонаққа келеді. Сәлеметсіңдер ме, балалар!
Біз сендерге салт – дәстүрімізді көрсеткелі келдік.
Қане,балалар онда бәріміздің назарымыз әжелерде болсын. Салт –
дәстүріміз жайлы білейік.

1.Қырқынан шығару.

2.Бесікке салу

3.Тұсау кесер

(Көрсетіліп болғаннан кейін , музыка ойнайды)

Әже балаларға бата береді

Дастархандарыңа береке берсін,

Бастарыңызға мереке берсін.

Астарыңа адалдық берсін,

Бастарыңа амандық берсін.

Дендеріңе саулық берсін,

Үлкен азамат боп өсе беріңдер!

Әумин!Құрметті қонақтар! Осымен сіздерге арналған «Ата –

баба дәстүрі ұрпаққа үлгі» атты ашық тәрбие оқу қызметін аяқтаймыз.

Келгендеріңізге көп –көп рахмет! Рұқсат болса естелікке суретке түсіп
алайық.